

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың тоқсан сайынғы біріктірілген есептерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 178 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2387. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 188 Қаулысымен.

Ескерту. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 178 қаулысының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 188 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру және жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы мүдделі адамдар алдында ақпаратты ашу жүйесін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың тоқсан сайынғы біріктірілген есептерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 11 наурыздағы N 793 және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 11 наурыздағы N 23-П "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың бірлесіп біріктірілген есептерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы" бірлескен қаулысының (Қазақстан Республикасының Нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1464 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында 2001 жылғы желтоқсанда жарияланған, N 12) күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі бөлімшелеріне, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, жинақтаушы зейнетақы қорларына, "Активтерді Басқарушылардың қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Жинақтаушы зейнетақы
қорларының және зейнетақы
активтерін инвестициялық
басқаруды жүзеге асыратын
ұйымдардың тоқсан сайынғы
біріктірілген есептерін
бұқаралық ақпарат құралдарында
жариялау тәртібі туралы
ережені бекіту туралы"
2003 жылғы 29 мамырдағы
N 178 қаулысымен
бекітілген

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың тоқсан сайынғы біріктірілген есептерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау тәртібі туралы ереже

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың тоқсан сайынғы

біріктірілген есептерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - қор) және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - ұйым) тоқсан сайынғы біріктірілген есептерін қалыптастыру және жариялау тәртібін, олардың қызметінің нәтижелері туралы айқындайды.

1. Тоқсан сайынғы біріктірілген есеп (бұдан әрі - біріктірілген есеп) қормен және осы қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қормен бірлесіп осы Ереженің қосымшасына сәйкес қалыптастырылады.

2. Осы Ережеге 2-қосымшаның 2-бөлімін толтырған кезде:

1) 2-10-бағандарда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы құны процентпен есептелген көрсеткіштері, оған қоса инвестициялық шоттарға орналастырылған ақша қалдығы және жолдағы ақша аударымдары;

2) 11-бағанда төмендегі формула бойынша есептелген зейнетақы активтерінің кірістілігі ағымдағы жылдың басынан бастап біртіндеп өсу қорытындысымен жылдық процентпен көрсетіледі:

$$\left(\left(\frac{C_n}{C_1} \right) - 1 : S \right) \times T \times 100, \text{ мұндағы}$$

C_1 - өткен жылғы есептік тоқсанда күнтізбелік жылдың соңғы айындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

C_n - есептік тоқсанның соңғы айындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

S - есептік тоқсанның соңғы күнін қоса алғанда жыл басынан бергі күнтізбелік күннің саны;

T - ағымдағы жылдың есептік тоқсанындағы күнтізбелік күннің саны.

3. Ұйым (осы ұйымның инвестициялық басқаруында зейнетақы активтері бар әрбір қордың ауқымында) немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қор біріктірілген есепті жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиан-банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) есептік тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейін ұсынады.

4. Уәкілетті орган біріктірілген есепті алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде оның өзінде бар ақпаратқа сәйкестігін тексереді және оны тексеру нәтижелері бойынша:

1) ескертпелер болмаса, біріктірілген есепті жариялау үшін ұйымға немесе

зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қорға б е р е д і ;

2) ескертпелер болса, біріктірілген есепті жариялау үшін ұйымға немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қорға қайтарады.

5. Ұйым немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қор уәкілетті органнан ескертпелер алған жағдайда, екі жұмыс күні ішінде ескертпелерді жояды және біріктірілген есепті уәкілетті органға ұ с ы н а д ы .

Уәкілетті орган біріктірілген есепті қайта тексергеннен кейін және ол бойынша ескертпелер болмаса, біріктірілген есепті жариялау үшін ұйымға немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қорға береді.

6. Біріктірілген есепті жариялауды осы ұйымда немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қорда инвестициялық басқаруда зейнетақы активтері бар ұйым және қор (қорлар) жүзеге асырады.

Осы ұйымда инвестициялық басқаруда зейнетақы активтері бар ұйым және қор (қорлар), сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қор "Активтерді Басқарушылардың қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне (бұдан әрі - Қауымдастық) біріктірілген есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды тапсыруға құқылы.

7. Біріктірілген есеп есептік тоқсаннан кейінгі бірінші ай ішінде Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын, кемінде жиырма бес мың дана таралыммен шығарылатын баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануға жатады.

7-1. Жарияланым мерзімін Қауымдастықтың жазбаша өтініші бойынша уәкілетті орган ұзартуы мүмкін.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасы төрағасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 262 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

8. Қауымдастық, ұйым немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қор уәкілетті органға біріктірілген есеп жарияланған баспа басылымы парағының көшірмесін (баспа басылымының атауын, оның нөмірін және жарияланған күнін көрсете отырып) жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

Ж и н а қ т а у ш ы з е й н е т а қ ы
қ о р л а р ы н ы ң ж ә н е з е й н е т а қ ы

активтерін инвестициялық
басқаруды жүзеге асыратын
ұйымдардың тоқсан сайынғы
біріктірілген есептерін
бұқаралық ақпарат
құралдарында жариялау
тәртібі туралы ережесіне
қосымша

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың біріктірілген есебі

1-бөлім. Жинақтаушы зейнетақы қорлары және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар туралы жалпы ақпарат

Ескерту: 1-бөлімнің кестесіне өзгерту енгізілді - Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасы төрағасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 262 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Ұйым/ жинақтаушы зейнетақы қоры	Лицензияның және берілген күні	Кастро-диан-банк	Филиалдар мен өкілдіктердің саны	Жарғылық капиталдың мөлшері (мың теңге)	Меншік капиталдың мөлшері (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
Ұйымның атауы	х	х			
Жинақтаушы қорының			зейнетақы атауы		
...					
Ұйымның басқаруында активтері зейнетақы бойынша жиынтығы	бар		инвестициялық зейнетақы жинақтаушы қорлары		
Жинақтаушы қорының атауы	Х	х	Х	Х	
Зейнетақы инвестициялық			активтерін басқаруды		

дербес	жүзеге		асыратын			
зейнетақы			қорлары			
бойынша жиынтығы	X	x	X	X		
Зейнетақы			қорлары			
бойынша барлығы			X	x	X	X

таблицаның

жалғасы

Ұйым/ жинақтаушы зейнетақы қоры	Салымшылар (адам) саны			Жарналар	Зейнетақы	Жинақталған	
	мін- детті	ерікті	ерікті- кәсіби	мен аударым. дар	төлем. дерінің сомасы	зейнетақы қаражаты	Жинақталған зейнетақы қаражаты
				(мың теңге)	(мың теңге)	(мың теңге)	(жиын- тығына процен- тпен)
1	7	8	8-1	9	10	11	12

Ұйымның атауы

x

x

x

Жинақтаушы

зейнетақы

қорының

атауы

...

Ұйымның

инвестициялық

басқаруында

зейнетақы

актив.

тері

бар

жинақтаушы

зейнетақы

қорлары

бойынша

жиынтығы

x

Жинақтаушы

зейнетақы

қорының атауы

Зейнетақы

активтерін

инвестициялық
басқаруды
дербес
асыратын
зейнетақы
қорлары
бойынша
жиынтығы х
Зейнетақы
бойынша барлығы

жүзеге

қорлары

х

2-бөлім. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері

Ескерту: 2-бөлімнің кестесіне толықтыру енгізілді - Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасы төрағасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 262 қаулысымен.

процентпен

Инвестияланған зейнетақы активтерінің үлесі

Жинақтаушы зейнетақы қоры	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	Халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	Шет мемлекеттерінің бағалы қағаздары	Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары		
1	2	3	4	5	6	7	8
	теңге. шетел мен валюта. сымен	теңге. шетел мен валюта. сымен	теңге. шетел мен валюта. сымен	теңге. шетел мен валюта. сымен	теңге. шетел мен валюта. сымен		

Жинақтаушы зейнетақы қорының атауы

Ж и н а қ т а у ш ы
з е й н е т а қ ы
қ о р ы
ж и ы н т ы ғ ы

б о й ы н ш а

таблицаның жалғасы

Қазақстан Республикасының инвестициялық қорларының пайлары	Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары	Тазартылған қымбат металдар	Басқа қаржы құралдары	
			теңгемен	шетел валюта-сында
8-1	8-2	8-3	8-4	8-5

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Инвестияланған		зейнетақы	активтерінің	үлесі
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және екінші деңгейдегі банктерге салымдар		Инвестициялық шоттағы қаражат және басқа активтер	Жыл басынан бастап өсу қорытындысымен зейнетақы активтері бойынша кірістілік	
теңге . мен	ш е т е л в а л ю т а . с ы м е н			
9	1 0	1 1		1 2

1. Кастодиан-банк - Жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкі;
2. Ұйым - зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұ й ы м ;
3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын қор осы қосымшаның 1-бөлімінде жоғарыда көрсетілген қызметті жүзеге асыруға

және зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың нөмірлерін және күнін көрсетеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК